

ҚАРАЛДЫ:

МӘБ отырысында

ӘБ жетекшісі:


Зияданова Л.С. 

«19» 09 2023 ж

КЕЛІСЕМІН:

Басшының тәрбие

ісі орынбасары:

Оразалина З.З. 

«19» 09 2023 ж



БЕКІТЕМІН:

Қарабұлақ а. ЖОББ мектебінің

басшысы

Хасен Н. 

«19» 09 2023 ж

Тәрбие жұмыс жоспары 2023-2024 оқу жылы

6 «А» сынып мұғалімі
Мухамеджан Ақбота Амангелдіқызы

Түсінік хат

Өскелең жас ұрпақты рухани-адамгершілік қасиетке баулу, тәрбиелеу – барлық кезеңде өзекті. Біздің келешегіміз – жас ұрпақ, ал ұрпақ тәрбиесі адамзаттың мәңгілік тақырыбы.

Ел ертеңі болар бүгінгі балалар мен жасөспірімдерді тәрбиелеу, әлеуметтік тұрғыдан барынша қамтамасыз ету, толыққанды білім алуына жағдай жасау, олардың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау Қазақ елінің ұлттық саясатының басты бағыттарының бірі.

Тәрбие мен оқыту өзара тығыз байланысты, бір бірінен бөліп алуға болмайтын біртұтас процесс. Білім беру ұйымдарындағы тәрбие пән мазмұны, сынып сағаттарының және мектептен, сыныптан тыс қосымша білім беру мазмұны арқылы жүзеге асады.

Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Кемелұлы қасиетті Түркістан қаласы, Түркі елінің шаңырағында өткізілген «Әділетті Қазақстан - Адал азамат» атты II Ұлттық құрылтайда сөйлеген сөзінде: «Адал азаматқа тән қасиеттер әрбір жастың бойынан табылуы керек, ұрпақтың бойында жаман әдет болса, бұл үлкендердің кінәсі»- дей келе, Әділетті Қазақстанды құру үшін: бүкіл қоғам болып жұмылу керектігін:

- ең бастысы, әр азаматтың сана-сезімі жаңғыруы қажеттігін;
- халқымыздың дүниетанымы және өмірлік ұстанымдары өзгеруге тиіс екендігін;
- әйтпесе, басқа реформаның бәрі бекер болатындығын нақты атап өтті.

«Біртұтас тәрбие бағдарламасы» – ұлттық, адами құндылықтарға негізделген. Бұл құжатта білім беру ұйымдарындағы тәрбие жұмысын толыққанды жүзеге асыру үшін білім алушылардың бойында қалыптастырылуы тиіс құндылықтар мен тәрбиенің мақсаты, міндеттері айқындалады. Жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтарды бойына сіңірген, әлемдік озық білімді игерген саналы азаматты тәрбиелеу мақсаты көзделеді.

«Біртұтас тәрбие бағдарламасының» мақсаты:

Жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтарды бойына сіңірген еңбекқор, адал, саналы, жасампаз азаматты тәрбиелеу.

Міндеттері:

1. Ата-ананың өсиетін тыңдауға, отбасы татулығы мен берекесін қадірлеуге, перзенттік парызын өтеуге тәрбиелеу.
2. Ұлттық мұраны қастерлеуге, қазақ тілін, мемлекеттік рәміздерді құрметтеуге, татулық, келісім, ынтымақ және ел бірлігін сақтауға, отаншылдық пен мемлекетшілдікке тәрбиелеу.
3. Жақсылыққа, игілікке бой түзеуге, абыройлыболуға, ар-ұждан, намыс, жауапкершілік, мейірімділік, қамқорлық пен

әділдік қасиеттерін жоғары ұстауға баулу және құқықтық мәдениетін қалыптастыру.

4. Денсаулықты қадірлеуге, салауатты өмір салтын ұстануға, ойдың тазалығын және эмоционалды тұрақтылыққа баулу.

5. Табиғатқа, табиғи мұраға ұқыптылықпен қарауға және табиғи ресурстарды үнемді әрі тиімді қолдануға тәрбиелеу және еңбекқорлыққа баулу.

Күтілетін нәтиже:

1. Ата-анасын сыйлайды, перзенттік парызын түсінеді, «қарашаңырақ», «жеті ата», «тектілік» ұғымдарының маңызын бағалайды, отбасы татулығы мен берекесін қадірлейді.

2. Отаншыл, мемлекетшіл, намысшыл, халқына адал қызмет етуді, мемлекет тәуелсіздігін және елі мен жерінің тұтастығын қорғауды борышым деп санайды және ұлттық мәдениетті құрметтейді, салт-дәстүрлерді біледі, оны сақтайды.

3. Әр ісіне, қадамына жауапкершілікпен қарайды, әдепті және мейірімді, сөзіне берік, ісіне адал, кішіге ізет, үлкенге құрмет көрсетеді, ар-ұятты жоғары бағалайды.

4. Жан мен тән тазалығын сақтайды, дұрыс тамақтану мәдениетін түсінеді, эмоционалды жай-күйін басқарады.

5. Тұратын үйін, ауласын, қаласын таза ұстайды, қоғамдық орынға және қоршаған ортаға ұқыптылықпен қарайды, табиғатқа жанашыр және туған жердің қайталанбас ерекшелігін және оның бірегей болмысын таниды және адал еңбекті жоғары бағалайды.

Ұлттық құндылықтар: *ҰЛТТЫҚ МҮДДЕ, АР-ҰЯТ, ТАЛАП.*

Ұлттық мүдде құндылығы:

- Қазақстан мемлекеттілігін нығайтуға атсалысу;
- Қазақстанның оңтайлы имиджін қалыптастыруға белсенді үлес қосу;
- Ұлттық мұраға ұқыпты қарау;
- Қазақ тілінің қолдану аясын кеңейту;
- Қазақстан мүддесіне қызмет етуге ұмтылу;
- Қоғам игілігі үшін қызмет ету;
- Қазақстанның қауіпсіздігін қамтамасыз етуге дайын болу;
- Ұлттық мәдениетті дәріптеу;

Күтілетін нәтижесі:

- Отаншыл, мемлекетшіл және намысшыл
- Мемлекеттік рәміздерді қадірлейді
- Елінің тарихын құрметтейді
- Ұлттық мирасты, мәдениетті дәріптейді

- Құқықтық және экологиялық мәдениеті жоғары

Ар-ұят құндылығы:

- Академиялық адалдыққағидатын қолдау;
- Адал еңбекті құрметтеу;
- Сөзіне берік, ісіне адал болу;
- Халқына адал қызмет ету
- Әдеп нормаларын ұстану;
- Шешім қабылдай білу және жауапкершілікті сезіну;
- Достарына, сыныптастарына, отбасы мүшелеріне қамқор болу, мейірімділік таныту;
- Өзін отбасының, сыныптың, мектептің, қоғамның, Отанның бір мүшесі екенін сезіну.

Күтілетін нәтижесі:

- Ар-ұят, адалдықты жоғары бағалайды;
- Сөзіне берік, ісіне жауапкершілік танытады;
- Ата-анасына сүйіспеншілікпен қарайды;
- Достарын, сыныптастарын сыйлайды;
- Кішіге ізет, үлкенге құрмет көрсетеді.

Талап құндылығы:

- Сыни және креативті ойлау;
- Жеке және командамен жұмыс істей білу;
- Білуге, жаңаны тануға құштар болу;
- Физикалық белсенді болу;
- Салауатты өмір салтын ұстану;
- Технологиялық және цифрлық дағдыларды ілгерілету;
- Дұрыс қарым-қатынас орнату білу;
- Уақыт пен қаржыны тиімді жоспарлау.

Күтілетін нәтижесі:

- Жан мен тән тазалығын сақтайды;
- Дұрыс тамақтану мәдениетін түсінеді;
- Қоршаған орта тазалығын сақтайды;

- Ақпараттық, медиа және қаржылық сауаттылық;
- Ізденімпаз, жасампаз тұлға.

Тәрбиенің кешенді жоспарын іске асыруда балалардың жас ерекшеліктерін ескеруде берілетін ұсынымдар:

Жасөспірімнің тәрбиесі (11-15 жас) Ұсынылады:

- тәрбие шаралары мен жобаларының мазмұнын, форматын, көркемдік стилін, ұсынылу тәртібін анықтауда жасөспірімдік кезеңдегі балалардың психологиялық ерекшелігін, қызығушылығын назарға алып, цифрлық технологиялардың жетістіктерін ескеру;
- жас ерекшеліктеріне сай келетін классикалық көркем шығармалар мен көркем әдебиеттерді ұсыну; оқылған шығарма кейіпкерлерінің бойындағы адами қасиеттері мен жағымсыз әдеттерін талқылауға бағытталған кейстік жағдаяттарды шешуді ұсыну;
- еліміздегі тарихи орындарға, ескерткіштерге экскурсия жасау, ел мен жер тарихы туралы деректермен танысу, театрға, музейлерге, мұрағаттарға, ұлттық парктер мен қорықтарға бару, виртуалды саяхаттар жасау немесе/және цифрлық технологиялардың жетістіктерін қолданып таныстыру;
- ақын-жыраулар және ұлт зиялыларының, батырлардың, тарихи тұлғалар мен қоғам қайраткерлерінің өмір жолдарымен, олардан мирас болып жеткен мұралармен таныстыру;
- тарихи, деректі фильмдерді талдау;
- білім алушылардың мәдени және ұлттық мұраны насихаттау бойынша бастамаларына қолдау көрсету;
- табиғатты қорғау, адамның әрекеттерінен туындайтын апаттардың алдын алу бойынша жобалар әзірлеу;
- жобаларды жүзеге асыруға отбасын әлеуметтік әріптестікке тарту;
- «Гаджетсіз демалыс» күндерін ұйымдастыру, кітап оқу, спортпен шұғылдану, табиғат аясында серуендеу т.б. шаралар ұйымдастыру ұсынылады.

ҚЫРКҮЙЕК – БІЛІМ АЙЫ

- 1 қыркүйек-Білім күні, сынып сағаттары
- 5 қыркүйек- А.Байтұрсынұлының туған күніне арналған «Тіл тазалығы» тақырыбындағы іс -шаралар

№	Іс-шараның атауы	Ұйымдастыру түрі	Жүзеге асырушы жауапты мамандар	Орындалу мерзімі
ҰЛТТЫҚ МҮДДЕ				
1	1 қыркүйек - білім күні «Мектеп – мейірім мекені»	Салтанатты жиын және сынып сағаттары	Басшының ТІЖ орынбасары, сынып жетекшілері	01.09.2023
2	«Тілім менің тірегім-соғып тұрған жүрегім» 5 қыркүйек - А.Байтұрсынұлының туған күніне арналған «Тіл тазалығы»	Сыныптан тыс іс-шара	Мухамеджан А.А. Филология мұғалімдері	08.09.2023
3	Мектептің ішкі тәртіп ережелері. Жол жүру ережелері ЖЖЕ №1	Әңгімелесу	Мухамеджан А.А.	15.09.2023
ТАЛАП				
4	«Отбасы-тәрбие бастауы»	Еңбек адамымен кездесу Тәрбие сағаты	Мухамеджан А.А.	22.09.23
5	«Қожа Ахмет Ясауидің хәл хикмет ілімі» Қожа Ахмет Ясауидің туғанына 930 жыл («Жеткіншектің жеті жарғысы» жобасы)	Сыныптан тыс іс-шара әлеуметтік желілердегі пост	Мектеп кітапханашысы	22.09.2023
6	"Оралхан Бөкеев-қазақ жазушысы және драматургі"	Дөңгелек үстел Әлеуметтік желілердегі хабарлама	Қазақ тілі мен әдебиеті мұғалімдері Сынып жетекшілері	29.09.2023
7	«Салауатты өмір салтындағы дене белсенділігінің рөлі»	Спорттық сайыс	Дене шынықтыру мұғалімдері. Мухамеджан А.А.	29.09.23
АР-ҰЯТ				
8	Қылмыстар мен құқық бұзушылықтардың алу жөніндегі іс-шаралар	Жеке жоспар бойынша	Мектеп психологы, басшының ТІЖ орынбасары	Айдың 2 аптасы

ҚАЗАН – АЛАШ АЗАМАТТАРЫН ҰЛЫҚТАУ АЙЫ

- 1 қазан - Қарттар күні
- 5 қазан – Мұғалімдер күні
- 25 қазан – Республика күні

№	Іс-шараның атауы	Ұйымдастыру түрі	Жүзеге асырушы жауапты мамандар	Орындалу мерзімі
ҰЛТТЫҚ МҮДДЕ – НАЦИОНАЛЬНЫЙ ИНТЕРЕС				
1	Самғай бер, Тәуелсіз Қазақстаным	Тәрбие сағаты Ауызша журнал	Мухамеджан А.А.	06.10.23
2	«Мағжан Жұмабаев Алаш қозғалысының қайраткері, ақын» 1-4 сыныптар «Алаш қозғалысының қайраткері, ақын, қазақ әдебиетінің жарқын жұлдызы Мағжан Жұмабаевтың туғанына 130 жыл» 5-11 сыныптар	Сынып сағаты	Сынып жетекшілері	11.10.2023
3	«Мемлекет және қоғам қайраткері Сәкен Сейфуллин» «Ақын, жазушы, көрнекті мемлекет және қоғам қайраткері Сәкен Сейфуллиннің туғанына 130 жыл»	Сыныптан тыс іс-шаралар	Мектеп кітапханашысы	Айдың 3 аптасы
АР-ҰЯТ				
4	«Қарттарын қадірлеген ел ардақты»	Сыныптан тыс іс-шаралар/ сценаріі	Басшының ТЖ жөніндегі орынбасары Сынып жетекшілері	13.10.2023
5	«Ұзстазым қамқоршым»	Өзін-өзі басқару күні	Басшының ТІЖ орынбасары, аға тәлімгер	20.10.2023
6	«Берекелі, мерекелі алтын күз» Көлік құралдарының қозғалысы. Көлік құралдарының аялдама жолдары ЖЖЕ №2	Сыныптан тыс іс-шаралар /сценаріі	Сынып жетекшілері	27.10.23
ТАЛАП				
7	1 тоқсанның қорытындысы бойынша ата-аналардың сыныптық жиналыстарын өткізу.	Жоспар бойынша	Мухамеджан А.А.	27.10.23

ҚАРАША – ПОЭЗИЯ АЙЫ

- 15 қараша - Ұлттық валюта күні
- Күзгі демалыс

№	Іс-шараның атауы	Ұйымдастыру түрі	Жүзеге асырушы жауапты мамандар	Орындалу мерзімі
ҰЛТТЫҚ МҮДДЕ – НАЦИОНАЛЬНЫЙ ИНТЕРЕС				
1	«Теңге тәуелсіздік келбеті»	Дөңгелек устел әңгімелесу	Мухамеджан А.А.	17.11.2023
2	Республикалық челлендж «Асық ату» 1-11 сынып	Челлендж	Басшының ТЖ жөніндегі орынбасары дене шынықтыру мұғалімі бір ай ішінде	бір ай ішінде
3	Күзгі демалысты ұйымдастыру. 1-11 сыныптар Іс шаралар жоспары әлеуметтік желілердегі Пост	Іс шаралар жоспары әлеуметтік желілердегі Пост	Басшының ТЖ жөніндегі орынбасары	01.11- 05.11.2023
ТАЛАП				
4	«Өз құқығыңды білесіңбе?» Көлік құралдарының нөмірлік, тану белгілері мен жазбалары ЖЖЕ №3	Тәрбие сағаты	Мухамеджан А.А.	10.11.2023
АР-ҰЯТ				
5	«Қоғамдық орындардағы этикет ережелері»	Тәрбие сағаты	Мухамеджан А.А.	24.11.23
6	«Оқу мектебі» жобасы бойынша жұмыс	Сыныптан тыс іс-шаралар	Мектеп кітапханашысы	Бір ай ішінде
7	Жол қозғалысы ережелері бойынша сабақтар 1-8 сынып	Жоспары бойынша	Сынып жетекшілері	Бір ай ішінде

ЖЕЛТОҚСАН – «ҚАЗАҚСТАН - ҰЛЫ ДАЛА ЕЛІ»

➤ 16 -17 желтоқсан-Тәуелсіздіктің 32 жылдығы

№	Іс-шараның атауы	Ұйымдастыру түрі	Жүзеге асырушы жауапты мамандар	Орындалу мерзімі
ҰЛТТЫҚ МҮДДЕ – НАЦИОНАЛЬНЫЙ ИНТЕРЕС				
1	«Патриотизм және оның маңызы» 1-11 сыныптар	Сынып сағаты Әлеуметтік желілердегі жазбалар	Сынып жетекшілері	01.12.2023
2	Қазақстан – біртұтас жер, біртұтас халық, біртұтас болашақ»	Сынып сағаты	Мухамеджан А.А.	08.12.2023
3	16 желтоқсан- Тәуелсіздік күні. «Тәуелсіздік ел тірегі»	Тәрбие сағаты	Мухамеджан А.А.	15.12.2023 г
4	«Пиротехника және пиротехникамен еркеліктің салдары» <i>Жол-көлік оқиғасы уақытындағы оқушылардың мінез-құлқы ЖЖЕ №4</i>	Тәрбие сағаты	Мухамеджан А.А.	22.12.2023 г
ТАЛАП				
5	Флеш-моб «Қызыл жіп – өмір!»	Флеш-моб	Аға тәлімгер	01.12.2023
6	«Жастар және есірткі ғасыр қайғысы»	Дөңгелек үстел	Маман кеңесі	22.12.2023
7	«Төрлет Жаңа жыл»	Жаңа жыл мерекесі	Басшының ТЖ жөніндегі орынбасары. Аға тәлімгер Сынып жетекшілері	25.12- 28.12.2023
8	«Қыста құстарды тамақтандырыңыз» республикалық акциясына қатысу, экологиялық акциясы	Дайындау құс қоректендіргіштері	Басшының ТЖ жөніндегі орынбасары. Сынып жетекшілері	2- 3 апта
9	Қысқы демалысты ұйымдастыру	Іс-шаралар жоспары Посттар әлеуметтік желілерде	Басшының ТЖ жөніндегі орынбасары. Аға тәлімгер Сынып жетекшілері	4 апта
АР-ҰЯТ				
10	Қыс мезгіліндегі қауіпсіз мінез-құлық ережелері	әңгіме	сынып жетекшілері әлеуметтік педагог	Тұрақты
11	№ 2 ата-аналар жиналысы 6 А сынып Қорытынды 2-тоқсанның	Хаттама № 2	Сынып жетекшілері	4 апта

ҚАҢТАР- «ҰЛТТЫҚ ҚОДТЫҢ АЙЫ»

- Қысқы демалыс
- «ҰЛТТЫҚ ӨНЕР» КӨРМЕСІ

№	Іс-шараның атауы	Ұйымдастыру түрі	Жүзеге асырушы жауапты мамандар	Орындалу мерзімі
ҰЛТТЫҚ МҮДДЕ				
1	«Үнемі оқитын адам – табысты адам» (Оқуға құштар мектеп) жобасы	Дөңгелек үстел Ауылдың кітапханасы	Мухамеджан А.А. Батталова М.Н.	12.01.2023
2	Мұхтар Әуезов-өмір тарихы.	Сынып сағаттар	Сынып жетекшілер	15.01.2023
3	«Құқық және заң жауапкершілігі» Түрлі жарақаттар алған жағдайда алғашқы медициналық көмек ЖЖЕ № 5	Маман кеңесі	Мухамеджан А.А.	19.01.24
4	«Қазіргі әлемдегі цифрлық сауаттылық» 5-11 сынып	Сынып сағаттар	Сынып жетекшілер	Айдың 3 аптасы
ТАЛАП				
5	«Денсаулық және дұрыс тамақтану мәдениеті»	Тәрбие сабағы	Сынып жетекші медбике,аспаз	26.01.24
АР-ҰЯТ				
6	Қыс мезгіліндегі қауіпсіз мінез-құлық ережелері	Әңгіме	Сынып жетекшілері әлеуметтік педагог	Тұрақты
7	Темекі шегудің, вейптың, алкогольдің, есірткінің алдын алуға бағытталған іс-шара. 5-11 сыныптар	Алдын алу әңгіме, әлеуметтік желілердегі жазбалар	ТІЖ орынбасары әлеуметтік педагог Сынып жетекшілер	Бір ай ішінде

АҚПАН-ӘДЕБИ ОҚУҒА ТӘУЕЛДІЛІК АЙЫ

15 ақпан - Кеңес әскерлерінің Ауғанстаннан шығарылған күні

№	Іс-шараның атауы	Ұйымдастыру түрі	Жүзеге асырушы жауапты мамандар	Орындалу мерзімі
ҰЛТТЫҚ МҮДДЕ				
1	«Мамандық таңдау ертеңді ойлау»	Дөңгелек үстел,	Мухамеджан А.А. Оразаллина З.З.	02.02.2024
2	«Қазақ даласының ұлы тұлғалары» 8-11 сыныптар	Сыныптан тыс іс-шара	Сынып жетекшілер	05.02.2023
3	Абай ілімі «Толық адам» 1-4 сынып	Сынып сағаттар	Сынып жетекшілер	05.02.2023
4	«Дұрыс тамақтану»	Тәрбие сағаты	Мухамеджан А.А.	09.02.2024
5	«Мұндай мамандық бар, Отанды қорғау» 9-10 сыныптар	Ақпараттық сағат	АӘД оқытушы- ұйымдастырушысы	3 апта
ТАЛАП				
6	«Оқыдым, басқасына беріңіз»	Буккроссинг	Мектеп кітапханасы	Жоспар бойынша
7	«Алға, ұлдар!», 5-11 сыныптар	Конкурстық бағдарлама	АӘД оқытушы- ұйымдастырушысы	2 апта
8	«Ұялы телефонның пайдасы мен зияны», Жол қозғалысының қауіпсіздігі ЖЖЕ № 6	Дөңгелек үстел	Мухамеджан А.А.	16.02.24
АР-ҰЯТ				
9	Қыздар клубының «қыздар арасында» жұмысы	Жеке жоспар бойынша	ТІЖ орынбасары, психолог	Бір жылдың ішінде
10	«Оқуға күштар мектеп» атты Республикалық челленджи, 1-11 сыныптар	Челлендж, әлеуметтік желілердегі жазбалар	Мектеп кітапханашысы	2-3 апта
11	«Тәрбие басы –тал бесік»	Сынып сағаты	Мухамеджан А.А.	23.02.2024
12	«Экстремизм мен терроризмнің алдын алу»	Сынып сағаты	Сынып жетекшілері	1 апта
13	Тұрмыстық және жыныстық зорлық-зомбылықтың, құқық бұзушылықтардың, жол-көлік оқиғаларының алдын алуға бағытталған іс-шараларды өткізу.	Профилактикалық әңгімелер әлеуметтік желілердегі жазбалар	БасшыныңТІЖ орынбасары Әлеуметтік педагог	Бір ай ішінде

НАУРЫЗ – ҰЛТТЫҚ ДӘСТҮРЛЕРДІ МАДАҚТАУІ АЙЫ

- * 1 наурыз-Алғыс айту күні
- * 8 наурыз-Халықаралық әйелдер күні
- 21, 22, 23 наурыз-Наурыз мейрамы
- * 27 наурыз - Дүниежүзілік театр күні

№	Іс-шараның атауы	Ұйымдастыру түрі	Жүзеге асырушы жауапты мамандар	Орындалу мерзімі
ҰЛТТЫҚ МҮДДЕ				
1	1 наурыз – «Алғыс айту парызың»	Сыныптан тыс іс-шара әлеуметтік желілердегі жазбалар	Басшының ТІЖ орынбасары Мухамеджан А.А.	01.03.2024
2	Наурыз мерекесіне арналған іс-шаралар	Жеке жоспар бойынша, әлеуметтік желіге жариялым	Басшының ТІЖ орынбасары Сынып жетекшілері	2 апта
3	8 наурыз Халықаралық әйелдер күніне арналған іс-шаралар «Ана тіршілік бастауы»	Тәрбие сағаты Әлеуметтік желілердегі жазбалар	Мухамеджан А.А.	07.03.24
4	«Нұр себеле ұлыстың ұлы күні» «Өнер мен құндылықтар» жобасы Жол қозғалысына қатысушылардың құқықтары, міндеттері мен жауапкершіліктері ЖЖЕ №7	Сыныптан тыс іс-шара	Басшының ТІЖ орынбасары Сынып жетекшілері	15.03.2024
ТАЛАП				
5	Көктемгі демалысты ұйымдастыру. 1-11 сыныптар	Іс-шараны әзірлеу. Әлеуметтік желілердегі жазбалар	Басшының ТІЖ орынбасары	4 апта
6	«Ашық есік күні» «Үндестік» жобасын іске асыру	Ашық есік күні, пост әлеуметтік желілерде	Басшының ТІЖ орынбасары	4 апта
АР-ҰЯТ				
7	3 тоқсанның қорытындысы бойынша сынып ата аналар жиналысы	№3 хаттама	Сынып жетекшілері	3 апта
8	7-11 сынып қыздарының «жыныстық тұтастық, ерте жүктілік» әңгімесі	Аналитикалық анықтама	Мектеп психологы	Бір ай ішінде
9	№ 3 ата-аналар жиналысы 6 А сынып Қорытынды 3-тоқсанның	Хаттама № 3	Сынып жетекшілері	4 апта

СӘУІР - ЭКОЛОГИЯЛЫҚ МӘДЕНИЕТ АЙЫ

12 сәуір -Ғылым күні
«Туған өлке» фестивалі

№	Іс-шараның атауы	Ұйымдастыру түрі	Жүзеге асырушы жауапты мамандар	Орындалу мерзімі
ҰЛТТЫҚ МҮДДЕ – НАЦИОНАЛЬНЫЙ ИНТЕРЕС				
1	«Қоқысты қайта өңдеу» («Қалдық заттарға екінші өмір сыйла» жобасы) Жаяу жүргіншілерге арналған жол жүру ережесі. Жол «қақпан» ЖЖЕ № 8	Дөңгелек үстел	Мухамеджан А.А.	05.04.2024
2	12 сәуір «Ғылым күні»	Тәрбие сағаты	Мухамеджан А.А.	12.04. 2024
3	«Шахмат Ойнау» республикалық челленджі 1-11 сынып	Челлендж әлеуметтік желілердегі жазбалар	Басшының ТЖ жөніндегі орынбасары аға тәлімгер	Бір ай ішінде
4	«Экология және біз», Жол-көлік оқиғаларына әкеп соқтыратын жол жағдайларын зерттеу ЖЖЕ № 9	Тәрбие сағаты	Мухамеджан А,	19.04.2024
5	Экологиялық тәрбие бойынша іс-шаралар 1-11 сынып	Сыныптан тыс іс-шаралар (жеке жоспар бойынша)	Басшының ТЖ жөніндегі орынбасары Сынып жетекшілері	Бір ай ішінде
ТАЛАП				
6	«Сыйластыққа себеп көп»	Сыныптан тыс іс-шара	Мухамеджан А.А.	26.04. 2024
7	Менің тандауым	Степногорск қаласындағы колледждерге экскурсиялар	Мухамеджан А.А. Оразаллина З.З.	Бір ай ішінде
8	«Менің болашақ мамандығым» 8-11 сыныптар	Сыныптан тыс жұмыстар әлеуметтік желілердегі жазбалар	Мухамеджан А.А. Оразаллина З.З.	3 апта
9	Қазақстан Халықтарының Бірлігі күніне арналған іс-шаралар	Сыныптан тыс іс-шаралар	Басшының ТЖ жөніндегі орынбасары Сынып жетекшілері	4 апта
АР-ҰЯТ				
10	Медициналық-гигиеналық білім айлығы аясындағы іс-шаралар. (жеке жоспар бойынша)	Сыныптан тыс іс-шаралар (жеке жоспар бойынша)	Басшының ТЖ жөніндегі орынбасары Сынып жетекшілері Дене шынықтыру мұғалімдері	Бір ай ішінде
11	Оқу мектебі жобасы аясындағы іс-шаралар	Сыныптан тыс іс-шаралар	Кітапхана меңгерушісі	3 апта

МАМЫР – БЕЙБІТШІЛІК ПЕН КЕЛІСІМ АЙЫ

* 1 мамыр-Қазақстан халқының бірлігі мерекесі

* 7 мамыр-Отан қорғаушылар күні

* 9 мамыр-Жеңіс күні

* 31 мамыр-Саяси қуғын-сүргін және ашаршылық құрбандарын еске алу күні

* Ақын, жазушы, философ, тарихшы, композитор Шәкәрім Құдайбердіұлының туғанына 165 жыл

№	Іс-шараның атауы	Ұйымдастыру түрі	Жүзеге асырушы жауапты мамандар	Орындалу мерзімі
ҰЛТТЫҚ МҮДДЕ – НАЦИОНАЛЬНЫЙ ИНТЕРЕС				
1	«Бірлігіміз жарасқан елміз»	Сынып сағаты	Мухамеджан А.А. Ата -аналар	03.05.024
2	«Жасыл мекен» республикалық челленджи 1-11 сынып	Челлендж әлеуметтік желілердегі жазбалар	Басшының ТЖ жөніндегі орынбасары Сынып жетекшілері	Бір ай ішінде
3	ҚР Отан қорғаушылар күніне арналған іс-шаралар. «Еске алу күні» (9 мамыр)	Әскери-спорттық іс-шаралар, салтанатты желілер	АӘД оқытушы-ұйымдастырушысы Сынып жетекшілері	1 апта
4	Қорытынды сабақ ЖЖЕ № 10	Тәрбие сағаты	Мухамеджан А.А.	10.05.24
5	Саяси қуғын-сүргін және ашаршылық құрбандарын еске алу күніне арналған іс-шаралар	Жеке жоспар бойынша. Әлеуметтік желілердегі жазбалар	Басшының ТІЖ орынбасары Сынып жетекшілері	3-4 апта
6	Ақын, жазушы, философ, тарихшы, композитор Шәкәрім Құдайбердіұлының туғанына 165 жыл толуына арналған іс-шаралар	Сыныптан тыс іс-шаралар	Басшының ТІЖ орынбасары Сынып жетекшілері Пән мұғалімдері	Бір ай ішінде
ТАЛАП				
7	«Қазақстан жастары Бейбітшілік үшін!»	Акция	Аға тәлімгер Оразалина А.Р.	17 .05. 2024г.
АР-ҰЯТ				
8	«Менің отбасымның өмірлік жолы» жобасы	Сыныптан тыс іс-шара	Мухамеджан А.А.	24.05.2024
9	Тоқсан, оқу жылының қорытындысы Оқушылардың жазғы еңбегі мен демалысын ұйымдастыру	Жалпы мектептік, сыныптық ата-аналар жиналысы	Мектеп әкімшілігі Сынып жетекшілері	3 апта
10	Қауіпсіз жаз. Жазғы демалыс кезіндегі қауіпсіздік техникасы	Ақпараттық сағат	Сынып жетекшілері	3 апта